

**2010 жылғы 4 мамырдағы № 726 "Ұлан ауданының азаматтарын 2010 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 10 қыркүйектегі N 99 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Ұлан аудандық әділет басқармасында 2010 жылғы 29 қыркүйекте N 5-17-134 тіркелді. Қаулы қамтылған тапсырмаларды орындауына байланысты қолданылуы тоқтатылды ( Ұлан ауданы әкімінің 2011 жылғы 11 мамырдағы N 05/1623 хаты)

**Ескерту. Қаулы қамтылған тапсырмаларды орындауына байланысты қолданылуы тоқтатылды (Ұлан ауданы әкімінің 2011.05.11 N 05-1623 хаты).**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 19, 20, 21, 23-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 8)-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығының 3-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 «Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығын жүзеге асыру туралы» қаулысының негізінде, 2010 жылғы көктемде және күзде азаматтардың мерзімді әскери қызметке дер кезінде өтуін қамтамасыз ету мақсатында, Ұлан ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Ұлан ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 4 мамырдағы № 726 «Ұлан ауданының азаматтарын 2010 жылдың сәуір - маусымында және қазан - желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы» нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-17-128 болып, 2010 жылғы 11 мамырда тіркелген («Ұлан таңы» газетінің № 33 (7367)

2010 жылғы 21 мамырда жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

Қаулының 3-тармағымен құрылған шақыру комиссия құрамынан шығарылсын:

Куназим Садыковна Толықбаева - аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру пунктiнiң аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің әскери міндеттілерді келісім шарт бойынша жинақтау және шақыру бөлімшесі бастығының аға көмекшісі;

Жанна Калибековна Ильясова - аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру пунктiнiң қызметшісі, комиссия хатшысы;

Сания Слямхановна Мухамеджанова - аға терапевт-дәрігер, медициналық комиссияның төрайымы.

Шақыру комиссия құрамына енгізілсін:

Нуржанов Елдос Кайратович - аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің әскери міндеттілерді келісім шарт бойынша жинақтау және шақыру бөлімшесі бастығы;

Раушан Мейрбековна Булькенова - аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру пунктiнiң қызметшісі, комиссия хатшысы;

Баян Сериковна Анжикова - аға терапевт-дәрігері, медициналық комиссияның төрайымы.

2. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Н. Сейсембинаға жүктелсін.

*Ұлан ауданының әкімі*

*Ж. Муратов*

*Келісілген:*

*Аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы А. Уалиев*

*2010 ж. «10» қыркүйек*

*Аудандық қорғаныс істері жөніндегі*

*бөлім бастығы*

*Б. Саниязов*

*2010 ж. «10» қыркүйек*

*Аудандық аурухананың бас дәрігері Ж. Бухатов*

*2010 ж. «10» қыркүйек*